

«Ақмола облысы Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» КММ 2024 жылға арналған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есепті қоғамдық талқылау

1. Жалпы ережелер

1) Көрсетілетін қызметті берушілер туралы мәліметтер: «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» КММ

. Занды мекенжайы: Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Тоғанас ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 40 үй.

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер:

«Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетіледі.

2024 жылы «Тоғанас НОМ» КММ -25 қызмет көрсетті;

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау - 3.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылай және материалдық көмек көрсету - 21.

Педагогтарды аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау-1.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушыларға арналған ақпарат <http://toganas-egin-akm.edu.kz/cp> мектептің ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Сондай-ақ, мектепте ақпараттық стендте мемлекеттік қызмет көрсету ережелері орналастырылған.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, 2024 жылы әлеуметтік желілерде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен ережелер туралы тікелей эфирлер мен жарияланымдар жарияланды. Көрсетілетін қызметті берушілердің интернет-ресурстары арқылы мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәртібі туралы халықты хабардар ету бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында халыққа электрондық форматта мемлекеттік қызметтер көрсету туралы ақпарат беріледі. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

2024 жылы мемлекеттік қызмет көрсететін қызметкер «Мемлекеттік басқаруды дамыту: Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

2024 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағым түскен жоқ.

5. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануын арттыру және одан әрі тиімділік перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттануын арттыру және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында жұмыс 2024 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілді.

2025 жылы көрсетілетін қызметті алушыларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Мектеп директоры



Т.К.Бокишев

орындаған: Алпыс А.Қ.

Тел. 8 (71642) 3-11-43